

ЖШС «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
БҚО, Орал қ.,
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241



«БӨБЕК KIDS» жеке бөбекжай

ТОО «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
ЗКО, г.Уральск
Отаралы Буркитов, 1
87078845241

БҰЙРЫҚ

«29 «тамыз» 2025ж»

№ 7

Бөбекжайда қамқоршылық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 2-тарау, 5 – тармағына сәйкес «Бөбек kids» жеке бөбекжайында 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңес жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес жұмысының жоспары құрылып, бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Бөбекжай меңгерушісі



Г.М.Айткалиева


 Бекітемін _____
 «Бөбек kids» жеке бөбекжай
 меңгерушісі Г.М.Айтқалиева

«Бөбек kids» жеке бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026
оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыс бағыты	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібі 1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау 2. Бракераждық комиссиясымен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу	Қыркүйек	Кеңес мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысы Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру	Қараша	Кеңес мүшелері
3	Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысы Мектепке дейінгі мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары туралы	Наурыз	Кеңес мүшелері
4	Қамқоршылық кеңесінің №4 отырысы Өзін – өзі бағалау есебін тыңдау	Мамыр	Кеңес мүшелері

«Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қамқоршылық кеңесінің құрамы

№	Аты – жөні	Лауазымы	Қамқоршылық кеңесіндегі лауазымы
1	Айткалиева Гульнара Максұтовна	Менгеруші	Төрайымы
2	Туманбаева Самал Асқаровна	Ата – ана (Еркем-ай тобы)	Мүшесі
3	Садыкова Жансая Темирбековна	Ата – ана (Болашақ тобы)	Мүшесі
4	Зейнеуова Райгуль Батыргалиевна	Ата – ана (Айналайын тобы)	Мүшесі
5	Әубекер Арайлым Нұрлыбекқызы	Әдіскер	Хатшы

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі
отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18.09.2025ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Күн тәртібінде

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау

Бракераждық комиссиясымен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Бөбек kids» жеке бөбекжайының меңгерушісі Г.М.Айткалиева тамақтану туралы айтып өтті. Тамақтану – баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өсуін қамтамасыз ететін маңызды факторларының бірі. Тамақ сапасын төмендеуі бала ағзасын қорғау – бейімдеу механизм деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекетінің өсуіне мүмкіндік туғызады. Сондай ақ ас қорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан біздің бөбекжайда тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

- Тамақ мөлшерін энергетикалық құндылықтары балалардың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді.
- Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық – түліктер теңдестірілген.
- Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері
- Азық түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай – ақ тағам дәмінің жоғарғы сапасы.
- Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады.
- Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Сөйлеуші сұрақ: балалар күніне неше рет тамақтанады.

Жауап: Балалар уақытылы тамақтанады

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы бөбекжай асханасының сапасын тексеруге қатысу жөнінде айтып өтті.

Бөбекжайда дұрыс тамақтану негізі – ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Қазақстандағы бөбекжайларға арналған жас ерекшеліктеріне байланысты мәзір құрылады. Тамақтану ережесі, тамақтану нормалары, меню тексеріледі. Тамақты сақтау және дайындау үрдісінде және ас үйге деген санитарлық – гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Бөбекжайға келіп түсетін барлық азық – түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық – эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Шешімі:

1. Жоспарға сәйкес қамқоршылық кеңес отырысы жүйелі өткізілсін.
2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарын тексеру, жоспарға сәйкес жылына екі рет жүргізілген.

Кеңес төрағасы:  Т.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы:  А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі
отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.11.2025ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Күн тәртібі

Қамқоршылар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру

Бөбекжай меңгерушісі Г.Айткалиева сөз сөйлеп, «Ашық есік күнінің» мақсаты – Қамқоршылық кеңес мүшелерін бөбекжайдың тыныс-тіршілігімен, оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуымен және балаларға жасалған жағдайлармен таныстыру екенін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес мүшелері бөбекжайдың топтарын аралап, балалардың оқу-ойын әрекеттеріне қажетті құралдармен, ойыншықтармен, дамытушы ортаның ұйымдастырылуымен танысты.

Сонымен қатар балалардың күн тәртібі, тамақтануы, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы және қауіпсіздік шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берілді.

Кеңес мүшелері бөбекжайдағы балаларға жасалған жағдайларға оң бағасын беріп, педагогтердің еңбегіне ризашылықтарын білдірді. Өз тараптарынан балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларды көбейту және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жалғастыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен ашық және өзара тиімді байланысты тұрақты түрде жалғастыру.
2. Бөбекжайдағы балалардың қауіпсіздігі мен қолайлы дамуына бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын алдағы жұмыстарда ескеру.
4. Ата-аналар мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыру.

Кеңес төрағасы:  Г.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы:  А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі
отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 24.02.2026ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Күн тәртібі


1. Мектепке дейінгі мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, меңгеруші Г.Айткалиева сөз сөйлеп, сыбайлас жемқорлықпен күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде анықталғанын атап өтті. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму процесін баяулатады және елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді. Бөбекжайда негізгі қызметтің бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты маман тағайындалды. Қызметкер мен ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасақталған.

Шешімі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» қағидасы бойынша ұжымда жұмыс жасау

Кеңес төрағасы:  Г.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы:  А.Н.Әубекер

ЖШС «Бөбек kids» «Бөбек kids» жеке бөбекжайының қамқоршылық кеңесі
отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 28.05.2026ж

Өткізілген орны: «Бөбек kids» жеке бөбекжайы

Қатысқандар: Бөбекжай менгерушісі Г.М.Айткалиева, Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Күн тәртібі

1. Өзін – өзі бағалау есебін тыңдау (жауапты өзін – өзі аттестаттау комиссия төрайымы Г.М.Айткалиева)


Тыңдалды

Г.М.Айткалиева «Бөбек kids» жеке бөбекжай менгерушісі Өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы: Бөбекжайдың мемлекеттік аттесттаудан өту үшін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын «Білім беру» ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына қосымшаны басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен «2026 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» 2026 жылғы 30 сәуіріндегі №114-НҚ Бұйрыққа қосымша негізінде 2026 жылы 1 мамыр және 29 мамыр аралығында «Бөбек kids» жеке бөбекжайы аттестаттау комиссия мүшелерімен 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Комиссия төрайымы Г.М.Айткалиеваның 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысушылар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар болған жоқ

Кеңес шешемі: «Бөбек kids» жеке бөбекжайының 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын өзін-өзі бағалау нәтижесі МЖМБС талаптарына сәйкес есептелінсін.

Кеңес төрағасы:  Г.М.Айткалиева

Кеңес хатшысы:  А.Н.Әубекер